



*Сабақтың тақырыбы:*

*Жапсырмалау өнері*

*Технология мұғалімі: Ильясова. Г. Ж.*



*Сабақтың тақырыбы: Жапсырмалау өнері*  
*Сабақтың мақсаты: Ою-өрнек туралы түсінік беру. Ою-өрнекті жапсырмалаудың технологиясы*

*Білімділік: Қазақ халқының ою-өрнек түрлеріне сипаттама беру және жапсырмалау технологиясын үйрету.*

*Дамытушылық: Ою-өрнектің тілін түсіндіру, сырына мән беру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.*

*Тәрбиелік: Ою-өрнек арқылы оқушылардың ой-өрісін, білімін жан-жақты дамыту, халқымыздың асыл мұраларын, салт дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.*



# Ұйымдастыру кезеңі

*Оқушылармен  
амандасу*

*түгелдеу*

*Сынып тазалығын  
тексеру*

*Оқушы назарын  
сабаққа аудару*

*Үй тапсырмасын сұрау*

*Жаңа сабақ*

**Керекті құрал-жабдықтар:  
мата,қайшы, түрлі-түсті қағаздар,ермексаз  
Жұмыс кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау  
керек!!**

*Қазақтың ұлттық ою-өрнегі* — қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек түрлері.

Қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілері Андронов мәдениеті мен байырғы сақ, ғұн, үйсін өнері мұраларынан геометриялық, зооморфтық (жан-жануарлардың табиғи және фантастикалық бейнерлері), көгеріс өрнек пен қиял-ғажайып ою-өрнектер (аспанның, жердің символы) ретінде кездеседі.

Олар негізінен малгершілік, саятшылық, әдет-ғұрып, үй іші жабдықтары мен сән-салтанат бұйымдарын, батырлық қару-құралдарын әсемдеуге қолданылған. Тартымды жасалып, биязы көркемделген өнердің көне мұралары (алтын тәтілер, ағаштан қыштан, өнделген теріден жасалған ыдыстар, түкті кілемдер мен кестелі заттар т.б.)





# ОҚУШЫЛАРМЕН АМАНДАСУ



# Сабақты түсіндіру





- Қазақ оюы, қазақтың ою-өрнегі — үй-жиһаздарын, сәндік, тұрмыстық бұйымдар мен киімдерді нақыштап безендіруге қолданылатын өрнектер. Жаппай дамыған кезеңінде (19 ғасырдан кейін) қазақтардың үй жиһаздарын әшекейлеуге кең көлемде қолданған ою-өрнектерді, негізінен: зооморфтық, өсімдік сипатты, геометриялық, космогониялық түрлерге жіктеуге болады. Олардың ішінде жануарлардың сыртқы пішініне, мүйізіне, тырнағына, мойнына, табанына, т.б. мүшесіне ұқсас ою-өрнектер халық арасына (зооморфтық түр) кең тараған. Зооморфтық ою-өрнек кебеже, жүкаяк, әбдіре, асадал сияқты тұрмыстық бұйымдар әшекейінде жиі кездеседі. Аталған ою-өрнектер кебеже бүйірінде, көбінесе, тігінен бедерленіп, бос жерлерін толықтырған, ал төсектің жан ағашы белгілі бір ырғақпен түгел дерлік өрнектелген. Кейде оларды өсімдік сипатты өрнектермен сабақтастырып, жарасымды тұтас композиция құраған.
- Ұсақ аңдардың табандарының іздері жүкаяк, кебеже, асадалдың көрнекті жерлеріне салынған. Сонымен қатар бұл өрнек түрін үй жиһаздарының жиектерінен, бұрыштарынан кездестіруге болады. Зооморфтық өрнекте төрт түлік малдың абстракциялық пішіні ерекше орын алады. Оған мысал ретінде қошқармүйіз, төртқұлақ, түйетабан, ботамойын, түлкібас, құсқанат және тағы басқа оюларын атауға болады. Қошқармүйіз оюы қазақ халқының бүкіл тыныс-тіршілігін танытады. Кей қолданыста ол қырыкмүйіз, сыңармүйіз, арқармүйіз болып түрленіп отырады. Қошқармүйіз төрт тармақтан құралып, ортасы айқыш тәрізді болып келеді. Төртқұлақ өрнегі кебеже, жүкаяқтарды безендіруде кеңінен қолданылады. Ол ағаш бұйымдар бетінің кейде дәл ортасына, кейде бұрышына бедерленген. Ағаш бұйымдарда түлкібас, иттабақ, итемшек, қаракұс, құстұмсық, көбелек, ботамойын, түйетабан, шыбынның қанаты деп аталатын зооморфтық өрнектер ұшырасады. Олар, әсіресе, жүкаяқтарды, төсектерді өрнектеуге кеңінен қолданылады.



# ҮЙ ТАПСРЫМАСЫН ТЕКСИ





# Өрнектердің түстері мен бояулары



- Қолөнерде пайдаланылатын бояуларды шеберлер өздері қолмен жасап алатын оларға әр түрлі қоспаларды қосып. Бұрын табиғатта жиі кездесетін және сол күйінде пайдалануға жарай беретін ақ, сары, көк, қызыл және қара топырақтар, түрлі түсті жосалар (сары, көк, қызыл) ағашты, теріні, қайысты бояуға жұмсалған. Сол сияқты малдың қанын, қара бауырын, көк бауырын да бояу ретінде пайдаланған. Көк тікеннің бүрі, мойыл, долана, қарақат, бүлдірген, итмұрын және тағы басқа да осылар тәрізді түрлі жемістердің шырыны да даяр тұрған бояу десе болғандай еді. Халық шеберлері шие жемістерін, әр түрлі өсімдіктерді, олардың қабықтары мен тамырларын қайнатып бояу жасау әдісін көп қолданған. Мысалы, талдың, теректің, қарағайдың, еменнің, алма, анар, жүзім және өрік ағаштарының қабықтарынан қызыл, сары, күрең, қошқыл түсті бояулар қайнатқан. Қына (жер қынасы, тас бетінің қынасы) «томарбояу» дейтін құрай мен тобылғының тамырларын қайнатып та бояу жасаған. Қабықтарды күздігүні жинап қол диірменге тартып не келіге түйіп ұнтақтап қайнатады. Шеберлер, қайнауына қарай, бояуынан арылған ұнтақтарды сүзіп алып тастап, қалған сұйықты одан әрі қайната беру арқылы оны қоюландырған, кейде порошок түріне келтірген. Мұндай қайнатынды бояуға ашудас, мұсатыр, тотияйын, тұз, қарағайдың шайырын қосатын. Сол сияқты қара күйе, ыс, құрым, өріктің, жаңғақтың сүйектері мен бидайдың, арпаның күйіктерінен де бояу жасаған. Бұларды бірімен-бірін қоспалау арқылы әр түсті бояулар жасалады. Бояулар сіңімді әрі оңбас үшін ермен, көкпек, итсигек, қара жусан сияқты ащы шөптердің тұндырмасын, құрттың сарысуын, кейде май қосатын болған




***ТИГІН МАШИНАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ***





***Көрнекілігі: Суреттер,  
бұйымдар***





*Технология сабагын өнөрмен байланыстыруу*





## *Негізгі бөлім*


*Жапсырмалау өнері арқылы балалардың ой-өрісін дамыта отырып бүгінгі сабақты түсіндіру. Сұрақ қою арқылы тақырыпты түсіндіру. Деңгейлік тапсырмалар беру. Үйге тапсырма беру. Оқушылардың жұмыстарын тексеру. Бағалау. Қорытындылау.*





*Оқушылардың жұмыстарымен танысу*



The background features a collage of educational and technological elements. In the top left, a hand holds a globe of the Earth. Below it, a computer monitor and keyboard are visible. On the right side, a large CD-ROM is partially shown. The bottom of the image contains several overlapping rectangular frames in green, orange, and blue. The entire scene is framed by a decorative brown border with ornate corner designs.

**Әдістері:** Жаңа сабақ Жапсырмалау өнері тақырыбы талқыланды, салыстырмалы талданды. Суреттермен жұмыс жүргізілді, ережелердің өзіндік қауіпсіздігі бар екендігі анықталды. Сұрақ-жауап арқылы тақырыпты қорытындылаймыз



## *Қорытындылау*

*Тақырыпты қорытындылау. Үлгеріміне қарай жалпы немесе жекедей тапсырма беру. Үй тапсырмасын беру. Сергіту сәтін жасату. Оқушылармен қоштасу.*





*САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ. БАҒАЛАУ*



Назарларыңызға  
рахмет!

